

**SVEN**®  
YOU WANT – WE CAN

Ойын манипуляторы

# ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ



**AGGRESSOR**

[www.sven.fi](http://www.sven.fi)

## Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

# AGGRESSOR

**SVEN SM ойын манипуляторын сатып алғаныңыз үшін ризамыз!**

### АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

© 2014. SVEN PTE. LTD. 1.0 (V 1.0) нұсқасы.

Осы Нұсқау және соның ішіндегі ақпарат авторлық құқықпен қорғалған. Барлық құқықтар қорғалған.

### САУДА МАРКАЛАРЫ

Барлық сауда маркалары олардың заңды иелерінің меншігі болып табылады.

### ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ШЕКТЕУ ЖӨНІНДЕГІ ЕСКЕРТПЕ

Нұсқаулық барынша дәл болу үшін барлық күш салынғанына қарамастан, кейбір сәйкессіздіктер болуы мүмкін. Осы Нұсқаулықтың ақпараты «дәл солай» шарттарында берілді. Автор мен баспагер осы Нұсқаулықтағы ақпараттың кесірінен келтірілген залал үшін біреудің немесе ұйымның алдында ешбір жауап бермейді.

### МАЗМҰНЫ

<b>1. САТЫП АЛУШЫҒА ҰСЫНЫС</b> .....	<b>1</b>
<b>2. СИПАТТАУ</b> .....	<b>2</b>
<b>3. ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ</b> .....	<b>2</b>
<b>4. ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҚ</b> .....	<b>2</b>
<b>5. ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ</b> .....	<b>2</b>
<b>6. ЖҮЙЕЛІК ТАЛАПТАР</b> .....	<b>2</b>
<b>7. ҚҰРЫЛЫСЫН СИПАТТАУ</b> .....	<b>3</b>
<b>8. ҚОСУ ЖӘНЕ ИНСТАЛЛЯЦИЯ</b> .....	<b>5</b>
<b>9. ЫҚТИМАЛ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУ</b> .....	<b>8</b>

### 1. САТЫП АЛУШЫҒА ҰСЫНЫС

- Бұйымды ақырын ашып, қораптың ішінде қандай да бір жабдықтар қалып қоймағанын үшін тексеріңіз. Құрылғыға залал келмегенін тексеріңіз. Тасымалдау кезінде бұйымға залал келтірілсе, жеткізетін фирмамен хабарласыңыз; бұйым жұмыс істемейтін болса, бірден сатушымен хабарласыңыз.
- Жиынтықтылық пен кепілдік талонның болуын тексеріңіз. Кепілдік талонда дүкеннің мөрі, сатушының анық қойылған қолы немесе дүкеннің мөртабаны және сатылған күні қойылғанын, тауардың нөмірі талонда көрсетілгенмен сәйкес келетініне көзіңізді жеткізіңіз. Есіңізде сақтаңыз, кепілдік талон жоғалып немесе нөмірлері сәйкес келмеген жағдайда Сіз кепілдік жөндеу жасау құқығыңыздан айырыласыз.
- Бұйымды орнатып қолданудың алдында, осы Нұсқаулықты мұқият оқып шығып, пайдалану мерзімі ішінде сақтаңыз.

**Техникалық қолдау [www.sven.fi](http://www.sven.fi) сайтында орналасқан.  
Осында Сіз осы Нұсқаулықтың жаңартылған нұсқауын таба аласыз.**

## 2. СИПАТТАУ

AGGRESSOR ойын манипуляторын әртүрлі ойындарға қолдануға болады – симуляторларда, аркадаларда, шутерларда және т.б. Бұл құрылғы Windows XP/Vista/7/8-те жұмсақ қолданылады және DirectX 7.0 және одан жоғарысын керек етеді. Құрылғы жұмысына драйверлер қажет емес, бірақ виброқайтару функциясын белсендіру үшін драйвер орнату керек.

## 3. ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

- Құрылғыны бөлшектемеңіз, өзіңіз жөндемеңіз. Қызмет көрсету мен жөндеуді сервис орталықтарының білікті мамандары жүргізу керек.
- Құрылғыны жоғары ылғалдан, шаңнан, күшті магнит ортасынан, дірілдеуден, жоғары температурадан, улы газдар мен сұйықтардан қорғаңыз.
- Күтім жайында кеңестер: корпусын құрғақ таза шүберекпен тазартыңыз. Бензин, спирт секілді еріткіштерді пайдаланбаңыз, олар корпус бетін бүлдіруі мүмкін.
- Құрылғыны құлатып алмаңыз.

## 4. ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҚ

- Ойын манипуляторы — 1 дана
- CD-диск драйверлерімен – 1 дана
- Пайдалану жөніндегі нұсқаулық – 1 дана
- Кепілдік талоны – 1 дана

## 5. ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

- Эргономиялық дизайн
- Қолдау: DirectX 7.0 одан жоғары, Windows XP/Vista/7/8
- USB интерфейсі
- Шынайылықты күшейту үшін виброқайтару функциясы
- Төрт кіндік, 8-позициялық джойстик, 12 түйменің саны
- Ұзындығы 1,8 м USB кабелі
- Ыңғайлы болу үшін резеңке ендірмелер
- Үстелге берік орнату үшін резеңке жапсырмалар

## 6. ЖҮЙЕЛІК ТАЛАПТАР


- ДК еркін USB порты
- Windows XP/Vista/7/8 операциялық жүйесі
- DirectX 7.0 және одан жоғары

## Пайдалану жөніндегі нұсқаулық


# AGGRESSOR

### 7. ҚҰРЫЛЫСЫН СИПАТТАУ


- ① Бағытты ауыстыру үшін 8-позициялық мини-джойстик
- ② 3-6 түймелері
- ③ 2 түймесі
- ④ Тұтқа
- ⑤ 7-12 түймелері
- ⑥ Газды реттегіш
- ⑦ 1 түймесі
- ⑧ USB кабелі
- ⑨ Виброқайтару функциясын қосу/ажырату үшін VIBRATION қосып-ажыратқышы
- ⑩ Резеңке жапсырмалар



1-сурет. Алдынан қарағандағы түрі





2-сурет. Артынан қарағандағы түрі



3-сурет. Астынан қарағандағы түрі

## 8. ҚОСУ ЖӘНЕ ИНСТАЛЛЯЦИЯ

• Манипуляторды тегіс жерге резеңке жапсырмалармен  орнатыңыз.

• Құрылғыны ДК еркін USB портына кіріктірмелі USB  кабелі арқылы қосыңыз. ДК-ге қосылған сәтте ол ойын құрылғысы ретінде автоматты түрде анықталады да, толығымен жұмысқа дайын болады. Алайда виброқайтару функциясын қосу үшін драйверлер орнату қажет.

• ДК дисководына CD-диск драйверлерімен салыңыз да, драйверлерді ДК-ге орнату үшін «setup.exe» бағдарламасын қосыңыз. Тексеруге «Start» → «Control Panel» → «Game Controller» таңдаңыз.


• Құрылғыны компьютерге қосқаннан кейін, Desktopта (жұмыс үстелінде) автоматты түрде «Ойын құрылғылары» терезесі ашылады, драйвер құрылғыны «USB all-in-one game controller» (4-сурет) ретінде таниды.

• Құрылғының басқару элементтері мен барлық функциялары жұмыс істейтінін тексеру үшін «Свойства» түймесін басыңыз. «Свойства: USB all-in-one game controller» терезесі және алғашқы белгі «Test» і ашылады (5-суретті қараңыз).


### Джойстика функциясын тестілеу

• 1–12 түймелері. 1 ден 12 дейінгі түймелерді басыңыз: Сіздің ДК интерфейсінің «Function Test» бетіндегі сәйкес сандық түйме жану керек.

• *Turbo* функциясы. ДК интерфейсінің «Turbo» (5-сурет) басыңыз, «Turbo» сөзі жанады. Turbo функциясына беретін санға сәйкес түймені басыңыз, түйменің шеті ағарады. Егер джойстиктегі түймені басса, ДК интерфейсінде сәйкес түйме жанады, Turbo функциясы түймесін күйлеу аяқталды. Функцияны күйлеуден бас тарту керек болса, «Clear» түймесін басыңыз.



4-сурет



5-сурет

## Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

# AGGRESSOR

- **Мини-джойстик көмегі арқылы қозғалыс бағыттары.** 4-позициялық мини-джойстик ① түймесін алға, артқа, солға, оңға басып тұрып, манипулятордың ④ тұтқасын еңкейтсе, X/Y блок осьтері бірдей өзгереді. «X axis; Y axis» тік бұрышты төртбұрыштағы крес белгісі тұтқа қалай қарай еңкейсе, солай қарай қозғалады.

- **Айналдыру функциясы.** Манипулятор тұтқасын оңға не солға айналдырса, сәйкес RZ блок осі бірдей өзгереді. «RZ axis» шкаласы біртіндеп, бөлік бөлігімен жасыл түске боянады.


- **Газ реттеуіші.** Газ реттеуішін ⑥ оңға, солға бұрса, Z блок осі бірдей өзгереді. «Z axis» шкаласы біртіндеп, бөлік бөлігімен жасыл түске боянады.

- **Мини-джойстик.** 8 бағытта бұрылулардың сәйкестігін тексеру үшін, мини-джойстикті ① әр бағытта айналдыру ДК интерфейсінң төменгі сол жақ бұрышындағы 8 тілді дөңгелектер көрінеді (5-сурет).


- **Пернелерді қайта бағдарламалау.** Пернелерді бағдарламалауды бастау үшін ДК интерфейсіндегі «KeyMap» (6-сурет) мәзір түймесін басыңыз; одан кейін қайта бағдарламалайтын сандық түймеңіздің алдындағы «Set» түймесін басыңыз, сосын қайта бағдарламалауды бекіту үшін сол түймені қай басыңыз.

*Мысал:* 3 түймені 5-ке қайта бағдарламалау. 3 түймесінің сол жағындағы «Set» түймесін басыңыз, «Set» түймесі жанады, сосын джойстиктегі 5 түймесін басыңыз, үшінші жасыл дөңгелектегі 3 саны 5-ке өзгереді.


**Ескерту.** Бағдарламалаудан кейін *Cis* жаңа күйлерді сақтай аласыз немесе олардан бас тарта аласыз. Терезенің төменгі жағында үш түйме бар: «Default», «Load» және «Save». Біріншісі барлық орнатылымдарды артқа тұрақты қайтарады, үшіншісі арқылы өзіңіз орнатқан түймелердің таратылуын сақтауға болады, ал екіншісі – сақталғандарды іске қосады.



6-сурет



7-сурет



8-сурет

• **Vibration виброқайтару функциясы.** Виброқайтару функциясын тексеру үшін «Vibration» (7-сурет) бетін ашыңыз. Джойстик тербелісі қозғалтқыштың вибрациясына жауап береді; тексеру кезінде вибрацияның кезеңі (Period) мен амплитудасын (Mag.) реттеуге болады. Ортада – вибрациясы бар джойстик тұтқасының қозғалатын алаңы. Оң және сол жақта – вибрация индикаторы. Оңға және солға қозғалғанда сол жақ индикатор Left белсенді болады, ал жоғары және төмен қозғалғанда – Right. Автоматты түрде тексеру үшін Auto басаңыз.

**Ескерту. Виброқайтару функциясы джойстиктегі VIBRATION ⑨ ажыратқышы арқылы қосылып (ON түрі), ажыратылады (OFF түрі).**

• Джойстикті калибрлеу. Егер тестілеу (тексеру) кезінде әрбір осьті көрсетіп тұратын меңзер ортадағы орнына қайтпаса немесе төрт жақтың барлығында да бекімесе, онда «Adjustment» (8-суретті қараңыз) бетін ашып, дәлдеп белгілеу (калибрлеу) үшін «Check» → «Next» → «Save» басыңыз.

#### **Vista операциялық жүйесі үшін**

• Vista-ға драйвер операциялық жүйеге сай болуы үшін жаңартылуы керек.  
 • Vista 32 bit және Vista 64 bit бір-біріне сәйкес келмейтіндіктен, джойстикке Сіздің таңдауыңызға қарай екі драйвер қосымша беріледі.

## 9. ЫҚТИМАЛ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУ

Мәселе	Шешімі
БЖ орнатылып, қосылғасын джойстик жұмыс істемейді.	А. ДК-ге джойстиктің дұрыс қосылғанын тексеріңіз. Б. Инсталляцияны дұрыс жүргізгеніңізге көз жеткізіңіз. В. DirectX 7.0 немесе одан жоғары нұсқасын орнатыңыз. Г. Мұнда да істемесе, компьютерді өшіріп, қайта қосыңыз.
Аналогты ось ойыншының қатысуынсыз автоматты түрде істеп кетеді.	Джойстикті калибрленгеннен кейін бекітіп, реттеңіз.
Виброрежимде джойстик жұмыс істемейді	Ойыннан шығып, USB портынан манипуляторды алып, қайта қосыңыз. Виброқайтару функциясы бұдан кейін де істемесе, компьютерді өшіріп, қайта қосыңыз.
Джойстикті қосқаннан кейін драйвер бағдарламасы табылмайды.	Алдыңғы драйвер орнату дұрыс жүргізілгеніне көз жеткізіңіз. «Мой компьютер» → «Свойства системы» → «Оборудование» → «Диспетчер устройств» кіріңіз де «!» белгісі бар құрылғыны жойыңыз. Джойстикті компьютерден ажыратып, қайта қосыңыз. Осыдан соң ДК драйвер жүйесін көретін болады.
Ойын қосылғаннан кейін виброқайтару функциясы ойыншысыз өзі қосыла береді.	Ойындағы «Force Feedback» күйлеуіне кіріп, виброқайтару функциясын дәлдеп белгілеңіз.
Ойын кезінде виброқайтару функциясы жеткіліксіз.	Ойындағы «Force Feedback» күйлеуіне кіріп, виброқайтару күшін күйлеңіз.

Жоғарыда аталған амалдардың біреуі де мәселені шешпесе, жақын жердегі сервис-орталығына кәсіптік кеңес алу үшін хабарласыңыз. Бұйымды өз бетіңізбен жөндемеңіз.



## Ойын манипуляторы

**SVEN**®  
YOU WANT – WE CAN



### Үлгі: **Aggressor**

Импортёрлер СМ SVEN Қазақстан республикасында:

«ST Networks» ЖШС, Қазақстан Республикасы, 050013, Алматы, Республика алаңы, Фурманов көшесінің бұрылысы, уй 13/195, 13Б кеңсе, тел.: +7 (727) 266 36 13, e-mail: info@stn.kz.  
«Alon Logistics» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Мақатаев көшесі, 117.

Сапа жөніндегі талап-тілектерді Қазақстан Республикасы аумағында «О-Си-Эс Казахстан» ЖШС-гі қабылдайды. Мекенжай: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Мақатаев көшесі, 117, тел.: +7 (727) 352-86-68, e-mail: kz@ocs.ru.

Өндіруші: «СВЕН ПТЕ. Лимитед», 176 Джу Чиаг Роуд, № 02-02, Сингапур, 427447. «Свен Скандинавия Лимитед» бақылауымен өндірілді, 48310, Финляндия, Котка, Котлахдентие, 15.

Manufacturer: SVEN PTE. LTD, 176 Joo Chiat Road, № 02-02, Singapore, 427447. Produced under the control of Oy Sven Scandinavia Ltd. 15, Kotolahdentie, Kotka, Finland, 48310. Made in China.

® **Registered Trademark of Oy SVEN Scandinavia Ltd. Finland.**

**AGGRESSOR**